Тақырыбы:

# Оюойғанның ойы ұшқыр

***Мақсаты:*** ***Балалардың ұлттық ою-өрнек туралы білімдерін тереңдетіп, халықтың тұрмыс-салт дәстүріне қызығушылықтарын ояту, қабаттап бүктелген қағаздан ою-өрнектерді қию арқылы бейнелеу өнерінің жаңа тәсілдерімен таныстыру.***



Сабақтың тақырыбы:

# Ою-өрнек түрлері мен атаулары











***Қазақтың ұлттық ою-өрнегі - қазақ жерін мекендеген көшпелі тайпалар өнері әсерімен ғасырлар бойы қалыптасып, белгілі бір жүйеге келген ою-өрнек түрлері. Қазақтың алғашқы ою-өрнек үлгілері Андронов мәдениеті мен байырғы сақ, ғұн, үйсін өнері мұраларынан геометриялық, зооморфтық (жан-жануарлардың табиғи және фантастикалық бейнерлері), көгеріс өрнек пен қиял-ғажайып ою-өрнектер (аспанның, жердің символы) ретінде кездеседі. Олар негізінен малгершілік, саятшылық, әдет-ғұрып, үй іші жабдықтары мен сән-салтанат бұйымдарын, батырлық қару-құралдарын әсемдеуге қолданылған. Тартымды жасалып, биязы көркемделген өнердің көне мұралары (алтын тәтілер, ағаштан қыштан, өнделген теріден жасалған ыдыстар, түкті кілемдер мен кестелі заттар т.б.)***

| *Түрлері* | *Атауы* |
|---|---|
| *1. Көк әлеміне байланысты* | *Ай, айшық, жұлдыз, күн, шұғыла* |
| *2. Малға байланысты* | *Айыртұяқ, арқармүйіз, атерін, қошқармүйіз, тайтүлік, түйетабан* |
| *3. Аңға байланысты* | *Бөрікөз, бөрібұлақ, иттабан, иттіс* |
| *4. Құрт – құмырсқаларға байланысты* | *Алақұрт, жұлдызқұрт, құмырсқа, көбелек,* |
| *5. Құстарға байланысты* | *Қазмойын, қазтабан, құстабан, құсқанат, құсмұрын* |
| *6. Жер су өсімдікке байланысты* | *Ағаш, бітпесгүл, жапырақ, ирек, ирексу, райхангүл, үшжапырақ, шиыршық* |
| *7. Қару құралдарға байланысты* | *Айбалта, айыр, балдақ, балта, қармақ, шынжыр* |
| *8. Геометриялық фигураға байланысты* | *Қосдөңгелек, қостұмарша, төртқұлақ, тұмарша, сүйір* |


ҚҰСТАРҒА БАЙЛАНЫСТЫ ӨРНЕКТЕР
ҚАЗМОЙЫН
ҚАЗТАБАН
ҚҰСҚАНАТ
ҚҰСМҰРЫН


Қаз мойын
dizign_for_you

# ҚАРУ-ҚҰРАЛДАРҒА БАЙЛАНЫСТЫ ӨРНЕКТЕР

АЙБАЛТА

АЙЫР

БАЛДАҚ

БАЛТА

ҚАРМАҚ

ШЫНЖЫР



# ОЮ-ӨРНЕК ТҮРЛЕРІ МЕН АТАУЛАРЫ

**КӨК ӘЛЕМІНДЕ БАЙЛАНЫСТЫ ӨРНЕКТЕР**

- АЙ
- АЙШЫҚ
- ЖАРТЫ АЙ
- ЖҰЛДЫЗ
- КЕМПІРҚОСАҚ
- КҮН
- ШҰҒЫЛА


Мүйіз
Табан


Қыңыр мүйіз
Қос мүйіз

# ГЕОМЕТРИЯЛЫҚ ФИГУРАЛАР ТЕКТЕС ӨРНЕКТЕР



# ҚҰРТ-ҚҰМЫРСҚАЛАРҒА БАЙЛАНЫСТЫ ӨРНЕКТЕР

АЛАҚҰРТ

ЖҰЛДЫЗҚҰРТ

КӨБЕЛЕК

ҚҰМЫРСҚА

ҚҰМЫРСҚА ІЗ





Өрмекші



Өркеш

## ЖЕР, СУ, ӨСІМДІК, ГҮЛ, ЖАПЫРАҚ, БҰТАҚ БЕЙНЕЛІ ӨРНЕКТЕР

| | | |
|---|---|---|
| АҒАШ | БІТПЕС | ГҮЛ |
| ЖАПЫРАҚ | ЖАУҚАЗЫНГҮЛ | ИРЕК |
| ИРЕКСУ | ӨТКІЗБЕ | РАЙХАНГҮЛ |
| СУ | ҮЗІЛМЕС | ҮШЖАПЫРАҚ |
|  | ШИЫРШЫҚ |  |


Жапырақ
Жауқазы


Гүл
Шиыршық

# МАЛҒА, МАЛДЫҢ ДЕНЕСІНЕ, ІЗІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ӨРНЕКТЕР



АЙЫРТҰЯҚ

АРҚАР МҮЙІЗ

АТЕРІН

ҚОШҚАРМҮЙІЗ

ТАЙТҰЯҚ

ТҮЙЕТАБАН

ОМЫРТҚА




Балдақ
Төртүшкіл
Шынжара
Тұмарша

# Қазақ халқының нақыштары
# *киімде*







- Қазақтың ұлттық костюмі өзінің қарапайымдылығымен, жүріп тұруға ыңғайлылығымен ерекше. Ал оның құрамында алтынкүміске інжу, жақұт, перуза, ауық секілді тастар қалдырылып соғылатын алқа, тұмарша, сырға, бойтұмар, бота тірсек қапсырма, жүзік, сақина білезік сияқты зергерлік заттардың, маржан тізбектерінің, неше түрлі шытырлармен, әткеншектермен, сәкегүлмен безендірілетін сәукеле, қасаба, бөрік, тақия, айырқалпақ сияқты кестелі-зерлі бас киімдердің, тіптен аса зор талғамды байқататын кемер белбеудің, кісе, нәзік белдіктердің, көксауыр етік пен зерлі кебістің әсемдікке деген әуесқойлықты көрсетеді.
- Қазақ әйелдерінің костюмі көбінесе безекті пұлдай жібектен, яки мақплдан тігіледі. Олардың көйлек үлгілері өте көп, қыздар мен келіншектердің көйлектері көп бүрмелі, жаға-жеңі кестелі, желбіршекті, қос етекті, сан-алуан үлгіде болады. Бой жеткен қыздар кестелі бешпент, шапан, төбесін қозалаған маржанды үкі тағып, кәмшат бөрік немесе кестелі сопақ тақия киеді.Қыздар ұзатылғанда, алуан түрлі кесте, алтын-күміс әшекей және моншақтармен безендірілген шашақ төбелі сәукеле киеді.
- Қазақ әйелдерінің дағдылы аяқ киімі кебіс, мәсі ауқатты отбасы әйелдерінің салтанатқа киетіні. Оюланған кестеліетігі, көк сауыр былғарыдан тігіліп, оюлап, күміс құйма қатырған кебістері болды. Асыл тастар орнатқан алтын-күміс сақина, шолпы, түйреуіш, білезік, шашбау және кемер белдіктер аса сәнді болған.
- Қазақтың ұлттық костюмінің әр бір элементіне оюлап өрнек салу халық өнерінің бір саласы. Оның түрлері мен атаулары күнделікті тұрмыста қолданылу тұтыну тәсіліне қарай, ұқсату мен іске асырылу амалдары да, жолдары да сан сапалы алуан түрлі. Мәселен, әшекейлі түр салудың кестелеу, ою, зерлеу, сыру, теру, көз салу, шымкестелеу, мүйіздеу, бастыру, гүлдеу керек көздеу, өткермелеу, шаршылау салалары сияқты ілмелеп, қайып, бүгіп, өткермелеп, тепшіп, шалып, торлап тігу әдістерімен атқарылады. Сондай-ақ өру, бұрау, ойып алу, құю, сызу, бояу, сүйектеу, күмістеу, бедерлеу сияқты өрмек үлгілерінің ұлт тұрмысында, өнеркәсіпте, әр түрлі құрылыста, мәдениет саласында, архитектурада, жалпы әлем өмірінің дамуында қолданылмайтын іске аспайтын жері жоқ.






- Ежелгі ою-өрнектердің атаулары мен үлгілері. Зооморфтық, өсімдік, космогониялық, геометриялық



# Кілемнің ортасына салынатын оюлар



# Әшекейлердегі оюю-өрнектер







- *Ою хан еліне барамыз. Мен сендрге оюға байланысты ертегі айтып берейін.*
- *Баяғыда бір Әділхан деген хан болыпты. Ол ханның ою — өрнек, тоқыма, құйма өнерін меңгергендегі соншалықты үйлерінің іші – сырты киім – кишек, жиһаздарының барлығы оюланған болыпты, тіпті өздері де ою арқылы сөйлесе алатын болған. Сол себепті де ол елдің ханын Ою хан деп атаған.*
- *Жылдардың бір жылында бөтен елдің ханы соғыс ашып, Ою ханды орнынан алып, билікті өзі жүргізеді. Ол хан ескі салт дәстүрді жойып, жаңаша өмір құрмақ болыпты. Ою ханды зынданға салып тастапты.*
- *Уа   хан ием: Мына райыңыздан қайтыңыз, теріс жолмен кетіп барамыз деп, жөн айтқан адамдарды сыбайлас деп. Сондықтан оны  халық жою хан деп атапты*

